

## Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 15 ақпандағы N 30 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 24 ақпанда N 1741 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2011 жылғы 17 қазандағы N 326 Қаулысымен

### Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2011.10.17 N 326 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 27-бабы 2-тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңы 7-бабы 6) тармақшасына сәйкес, «Солтүстік Қазақстан облысының 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 20 желтоқсандағы № 20/1 шешімі негізінде облыс әкімдігі

### Қ А У Л Ы

### Е Т Е Д І :

1. Заңнамада белгіленген тәртіпте уәкілетті органда тіркелген жоғары оқу орындарының, колледждердің және кәсіби лицейлердің түлектері арасынан жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру үшін жастар практикасы ұйымдастырылсын (бұдан әрі - жастар практикасы).

2. Жастар практикасы меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде (бұдан әрі - жұмыс беруші) ұйымдастырылады және ө т к і з і л е д і .

3. Жастар практикасы алты айға дейінгі мерзімге ұйымдастырылады.

4. Жұмыс берушінің жастар практикасын өтетін жұмыссыздың еңбекақысын төлеу шығындары тиісті жергілікті бюджет қаржысынан ай сайын 20 000 теңге м ө л ш е р і н д е ө т е л е д і .

Осы ретте жұмыс берушілер қосымша ақыны өз бетінше айқындауы мүмкін.

5. Жастар практикасын ұйымдастыру ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органымен шарт негізінде жұмыс берушімен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

6. Жұмыс жағдайы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші мен жастар практикасын өтетін жұмыссыздар арасында жасалған ең б е к ш а р т ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

7. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімдері осы қаулыны іске асыру

үшін қажетті шаралар қабылдасын.

8. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші  
ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н :

«Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 92 (2009 жылғы 27 сәуір Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1706 тіркелді, 2009 жылғы 13 мамыр «Солтүстік Қазақстан» газетінде, 2009 жылғы 13 мамыр «Северный Казахстан» газетінде жарияланды);

«Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы» облыс әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 92 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2009 жылғы 30 маусымдағы № 176 (2009 жылғы 9 шілде Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1715 тіркелді, 2009 жылғы 15 шілде «Солтүстік Қазақстан» газетінде, 2009 жылғы 15 шілде «Северный Казахстан» газетінде ж а р и я л а н д ы ) .

9. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары  
Ж . А . С м а и л о в қ а жүктелсін.

10. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*С. Біләлов*